## Кеден одағының және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасын жетілдіру мәселелері жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 2 қыркүйектегі № 122-ө Өкімі

Қазақстан Республикасының кеден заңнамасын жетілдіру, кедендік әкімшілендіруді жақсарту, сондай-ақ Кеден одағының кеден заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша қазақстандық ұстанымды қалыптастыру мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Келімбетов Қайрат Нематұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, жетекші

Жақсылықов Тимур Мекешұлы – Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда вице- министрі, жетекшінің орынбасары

Ертілесова Жаннат Жұрғалиқызы - Қазақстан салық төлеушілер қауымдастығының төрайымы (келісім бойынша), жетекшінің орынбасары

Хисматулин Вагиз Раилович – Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі Бюджет және салық-кеден саясаты департаментінің директоры, хатшы

Сұлтанғазиев Марат Елеусізұлы – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық және кеден заңнамасы мәселелерін үйлестіру, кірістерді талдау және болжамдау департаментінің директоры

Жошыбаев Рәпіл Сейітханұлы - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жауапты хатшысы

Ерғожин Дәулет Еділұлы – Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі

Рау Альберт Павлович - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар бірінші вице-министрі

Тен Игорь Викторович – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті төрағасының орынбасары

Теңгебаев Ардақ Мырзабайұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті төрағасының орынбасары

Әзімова Эльвира Әбілқасымқызы - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Халықаралық заңнама департаментінің директоры

Жұманиязов Мейрам Арыстанұлы – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Заңнама департаментінің директоры

Мырзахметов Абылай Исабекұлы – "Атамекен" одағы" Қазақстан ұлттық экономикалық палатасының төрағасы (келісім бойынша)

Тәменова Жанна Сәрсенбайқызы - Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі салық салу мәселелері жөніндегі жұмыс тобының тең төрайымы (келісім бойынша)

Радостовец Николай Владимирович - Тау-кен өндіруші және тау-кен металлургиялық кәсіпорындардың республикалық қауымдастығының атқарушы директоры (келісім бойынша)

Шестаков Геннадий Алексеевич - Қазақстан кеден брокерлері қауымдастығы кеңесінің төрағасы (келісім бойынша)

Баталов Райымбек Әнуарұлы - Қазақстан кәсіпкерлері форумының төрағасы (келісім бойынша).

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2012.04.09 № 70-ө Өкімімен.

2. Жұмыс тобы 2012 жылғы 1 мамырға дейінгі мерзімде Кеден одағының және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасын жетілдіру мәселелері жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қ.Н. Келімбетовке жүктелсін.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2012.04.09 № 70-ө Өкімімен.

*Премьер-Министр К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК